



ХҒТАР 17.07.29

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-307-317>

Ғылыми мақала

Қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктері

А.Е. Токсеитова*¹, Р.К. Садықова², Қ.Б. Кубдашева³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²М. Тынышпаев атындағы АЛТ университеті, Алматы, Қазақстан

³Е. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹aydana.ergalikizi@gmail.com, ²roza.sadikova@mail.ru, ³karget2017@yandex.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі түр-түс атауларының лингвомәдени және этнолингвистикалық ерекшеліктері жан-жақты зерттеледі. Белгілі түрік ғалымдары Ибрахим Шинаси, Өмер Асым Ақсой, Өмер Фарук Акунның және көрнекті қазақ ғалымдары Мұзафар Әлімбаев, Әбдуали Қайдар, Әлкей Марғұланның мақал-мәтел туралы тың ойлары мен пікірлері сарапталады. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы мен ерекшеліктері талданып, түр-түстердің мәдени мәні айқындалады. Қазақ және түрік мәдениетіндегі, халық дүниетанымындағы түстердің қоғамдағы рөлі және маңызы зерттеледі. Мақаланың негізгі мақсаты – түрік және қазақ мақал-мәтелдеріндегі түр-түс атауларының берілу ерекшеліктерін талдай отырып, түс пен реңктің қазақ және түрік халықтарының мәдениетінде қаншалықты маңызды екенін зерделеу. Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдер негізінде түр-түс атаулары қамтылған лексемалар талданып, олардың мәдениеттегі орны бағаланады. Бұл лексемаларды эмоцияның құндылығы тұрғысынан қарастыра отырып, қазақ және түрік халықтарының ой әлеміндегі түстердің көрінісін анықтауға әрекет жасалды. Сонымен қатар, түс атауларының өзара байланысы мен мағыналық өрісі зерделенеді. Осы арқылы қазақ және түрік халықтарының түс ұғымына қатысты көзқарастары салыстырмалы түрде талданады. Негізгі теориялық әдістері салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу.

Түйін сөздер: мақал-мәтел, түр-түс атаулары, символика, лингвомәдениет.

Кіріспе

Қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін талдау үшін, ең алдымен қазақ пен түрік елдеріндегі мақал ұғымының негізгі аспектілерін сараптау қажет. Белгілі түрік ғалымы Ибрахим Шинаси «Дуруб-ы Эмсал-ы Османие» атты мақал-мәтелдер жинағының алғы сөзінде мақал-мәтелдерге мынадай баға береді: «Мақал-мәтелдер мен идиомалар – халықтың дана сөздері. Мақал-мәтелдер

Түсті: 03.05.2024; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

белгілі бір ұлттың ділін, тілін, рухани өзегін, тіпті, ұлттық болмысын айқындайтын халықтың ғасырлық дана сөздер жиынтығы». Иә, расымен де, белгілі ғалым Ибрахим Шинаси мақал-мәтелге қатысты анықтама бергенде, мақал-мәтелдердің – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дана сөздері екендігін менмұндалайды. Бұл сипаттама емес, мақал-мәтелдердің ерекшеліктеріне қатысты анықтама. Өмер Асым Ақсой өзінің «Мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестер Сөздігі» атты құнды еңбегінде мақал-мәтел ұғымына былайша анықтама береді: «ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы терең пайымдауларын білдіретін мақал-мәтелдер жалпы ереже, дана ой немесе кеңес ретінде рөл атқарды. Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің өзіндік стереотиптік формалары бар».

Өмер Фарук Акун мақал-мәтелді «халық сөйлейтін, өзіндік өрнегі бар, тағылымды мазмұны мен жоғары формасы бар дана сөз» деп сипаттайды. Сонымен қатар, «мақал – халықтан шыққан, келелі кеңес беретін өнегені, ақиқат пен шындықты немесе тәжірибеге негізделген дүние-танымды білдіретін халықтың жалпы қолданысына енген қысқа сөз жиынтығы», – деген екен түріктің атақты жазушысы, академик Өмер Фарук Акун.

Түрік тілі институты шығарған түрік сөздігінде былай дейді: «Мақал: ұзақ эксперименттер мен бақылаулар негізінде қысқаша айтылған және жұртшылыққа шағын ғана келтірген ескерту». Белгілі жазушылар мен ғалымдардың берген сипаттамасын оқығаннан кейін, мынадай түйінге келеміз. Яғни, мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы жинаған ұлы мұрасы. Әр мақалдың астарында ескерту, тыйым салу, кеңес беру, нұсқау немесе сабақ алу іспетті маңызды рөл жатқанын айқын көреміз. Түркияның білікті ғалымдары түрік тіліндегі мақал-мәтелдерге сүйене отырып жасаған қысқаша анықтамасынан кейін енді «мақал» терминінің қазақ халқында қандай мағынаға ие екенін қарастырып көрелік.

Қазақтың көрнекті жазушысы Мұзафар Әлімбаев «Өрнекті сөз – ортақ қазына» атты құнды еңбегінде анықтамасы біршама егжей-тегжейлі және жан-жақты болып көрінеді: «К. Аханов «Мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды түйінді пікір айтылады» дейді. Бұл негізінен дұрыс пікір. Мұнда автор «көбінесе» деген сөз арқылы, бір бөлімді де мақал болатынын көмескілеу қалдырғанға ұқсайды. «Ел іші – алтын бесік». Жалғыз-ақ сөйлем болса да, осында тікелей кесіп айтылған, нық қорытынды жоқ па?! Мұнда мәтелдегідей бұл жанамалай айтылған тұспал емес. Сонымен манадан бергі анықтамаларды қорытып, ой түйейік.

Мақал дегеніміз өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы. Мысалдар: «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сөлін келтіреді», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер намысы - ел намысы», «Ынтымақтың түбі – игі», «Тасым түссе – талайымнан» және тағы басқалар.

Мәтел дегеніміз – халық арасына көп тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ ықшам да кестелі халық сөзі. Мысалдар: «Апама жездем сай», «Батырға да жан керек», «Құрғақ қасық ауыз жыртады», «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда», «Көппен көрген ұлы той» [1].

«Мәтел» туралы соңғы анықтама алу үшін біз тағы да қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігіне жүгінеміз. Яғни, мақал-мәтел туралы осы әртүрлі дешифрларды ретке келтіру үшін осы ұғымдардың арасындағы айырмашылықтарды субстанцияларға бөлу орынды болар еді.

Мақал адамдарға жеткізгісі келетін хабарды әртүрлі салыстырулар мен метафоралар арқылы жеткізеді. Сондықтан мұндай мақал-мәтелдер адамдарға тікелей жетуге бағытталған. Мәтел, керісінше, оқырман немесе тыңдаушы өз білімімен және белгілі бір себеппен аяқтай алатындай етіп бергісі келетін кеңестерін аяқталмай қалдырады. Себеп-салдар "мақал" құрылымында бірге кездеседі, ал мәтел тек нәтиже береді және оқырманның немесе тыңдаушының түсіндіруіне себеп қалдырады. Мақал әдетте дәйекті және байланысқан сөйлем құрылымына ие, ал "мәтел" жай сөйлемдерден тұрады, тіпті кейде сөйлем аяқталмай қалады және тыңдаушы оларды өзінің ақыл-ойы мен өмірлік тәжірибесін қолдана отырып аяқтайды деп күтіледі.

Түрік мәдениетінде мақал-мәтелдердегі түс ұғымы алғашқы кезеңдерден бастап маңызды ұғымдардың қатарында болды. Наным-сенімдерде де, қоғамдық өмірде де, жеке және жер атауларында да жиі қолданылатын түстер әртүрлі нанымдардың немесе тікелей мәдениеттің әсерінен түрлене келе жаңа бір сипатқа ие болды. Бұл тұрғыда түрлі-түсті атаулар тілдегі кейбір эмоционалды құндылықтардың негізі бола бастады. Түс атауларымен алынған бұл эмоционалды құндылықтар мәдениеттің берілуінде де маңызды рөл атқарды. Мақал-мәтелдер түрік қоғамының өткеннен бүгінге дейінгі тәжірибесін және осы тәжірибелермен бірге олардың ұсыныстарын көрсететін тілдік элементтер болып табылады.

Иероним Мегисердің 1612 жылы Лейпцигте жарық көрген «Institutionum linguae turcicae IV» атты әйгілі түрік грамматикалық кітабында жиі айтылатын 220 мақал бар. Ол мақалдардың арасында түстің рөлі айрықша зор болды. Мәселен, қызыл, көк, жасыл, алтын түстерін айтсақ болады. Мұндай дереккөздің болуы тіл тарихы мен мақал-мәтелдерді зерттеу тұрғысынан өте маңызды. Бұл жұмыс тіл тарихын зерттеуге жақсы негіз береді. Шығармадағы түрік мәтінінің араб әріптерінің орнына латын транскрипциясы әріптерімен жазылуы тарихи фонологияны зерттеу үшін үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, шығармада күн мен ауызекі тілден алыс мақал-мәтелдер жоқ. Қарастырылып отырған мақал-мәтелдер халық сөйлейтін тілді көбірек көрсетеді [2].

Қазақтың кәнігі ғалымдары түр-түстер символикасына жан-жақты зерттеулер жүргізіп, пайымды пікірлерін ортаға салған. Қазақ мәдениетін зерттеп, ұлттық құндылықтарын дәріптеген ғалым Ислам Айбарша түстер символикасы туралы мынадай пікір келтіреді: «Түр-түсті білдірер символдар жүйесі – қандай да болмасын ұлттың дәстүрлі дүниетанымының негізгі танымдық кодтарының бірі».

Қазақтың айтулы ғалымдары Әбдуәлі Қайдар, Байтұрсын Өмірбеков, Зинаида Ахтамбердиева «Сырға толы түр мен түс» атты тың еңбегінде қазақ мәдениетіндегі түр мен түстің символикасына егжей-тегжейлі тоқталып, түстердің қоғамдағы өзіндік рөлін жан-жақты талдайды. Ал белгілі әрі көрнекті ғалым Әлкей Марғұлан қазақ руханиятына тереңінен тоқталып, қазақ ұғымындағы түстердің мәні мен мазмұнын былайша сараптайды: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы».

Қазақ ұғымында ақ түстің жөні тіпті бөлек. Ақ түс – әділдіктің, адалдықтың, жақсылықтың, игі сезімдер мен мейірімділіктің нышаны болып есептелді. Қазақ халқы киелі де қасиетті нәрселерді қадірлеп, ақ түске балаған. Мәселен, «Аққа Құдай жақ», «Аққа зауал жоқ», «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық», «Ағын су арнасын табады, ақ адам орнын табады», «Ақ серке қой бастайды,

ақын жігіт той бастайды», «Ұжданы ақтың – жүзі ақ», «Ананың алды – ақ жайлау» деген мақалдардың астарында ізгілік пен адалдық, тазалық пен әділдік менмұндалап тұрады.

Қазақ халқында әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрінде ақ түстің маңызы ерекше айшықталады. Мысалы, ұлттық сусындар: қымыз, шұбат, сүт сынды қасиетті тағамдар, сәби жатқан бесікке «ғұмыр жасы ұзақ болсын, жолы ақ болсын» деген ырыммен ақ байлау рәсімі, жаңа түскен келіннің сәукелесіне жұқа ақ желекті ілу іспетті киелі ұғымдардың символына айналған.

«Ақ шаш-ақылдың емес, жастың белгісі» деген түрік мақалы, адамдар қартайған сайын шаштың ағаруын көрсете отырып, бұл жағдай әрқашан тәжірибеге немесе даналыққа тікелей пропорционалды бола бермейтінін айтады. Бұл сөзбен, әдетте, адамның жасына баса назар аударудың орнына, оның өмірлік тәжірибесіне немесе даналығына назар аудару керектігін түсіндіруге арналған. Мақал шашты ағарту табиғи қартаю процесі екенін білдіреді, бірақ сонымен бірге бұл адамның өмірде қаншалықты үйренгенін немесе оның қаншалықты ақылды екенін көрсететін көрсеткіш емес. Бұл жастардың егде жастағы адамдарға қарағанда көбірек білімі мен тәжірибесі болуы мүмкін екенін көрсетеді, ал егде жастағы адамдар әрқашан дана бола бермейді.

«Қарақшының ғашығы қыстың күні ақ киім киеді» деген түріктің мақалында тіпті қаскөй немесе кінәлі адамдар кейде сырттан кінәсіз немесе жақсы ниетті болып көрінуі мүмкін екенін білдіреді. Мақалда кейде жаман ниеті бар адамдар өздерінің мінез-құлқын немесе ниетін жасыру арқылы қоғамда жақсы имидж қалыптастырып, сол арқылы адамдарды адастыруы мүмкін екендігі баса айтылған. Бұл мақал адамдарға сыртқы келбетіне немесе таныстарына қарай пайымдаулар жасаудың орнына, тереңірек баға беру керектігін ескертеді.

Қазақ және түрік тілдерінде қызыл түстің өзіндік ерекшелігі бар. Қызыл түс, көбінесе, әдемілікпен немесе керісінше көзалдаумен байланысты болып табылады. Мәселен, қазақ тілінде «Қыздың көзі қызылда», «Түлкінің қызылдығы өзіне сор», «Әсіре қызыл тез оңар» деген мақалдарды мысалға келтірсек болады [3].

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында зерттеудің кешенді теориялық әдістері салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу әдістері қолданылады.

Түрік және қазақ тілдерінде мақал- мәтелдергі түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктері этномәдени семантиканы таныту үшін мақалада Д.С. Ергешбаеваның «The Significance Of Proverbs In" Devonu Lug'otit Turk" атты еңбегі, С.П.Уфуктың «Turks And The Concept Of Death: An Analytical Survey Among Turkish Proverbs" деген зерттеу еңбегі, Б.Д. Окхунжованың "Comparative Analysis of Proverbs in" Devonu LugOtiti Turk" деген еңбектері пайдаланылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мәйегінен майы аққан бай тілдің ажарын кіргізетін басты элемент – мақал-мәтел екенін білеміз. Көркем ойдың көркін келтіру үшін жиі айтылатын мақал-мәтелдер мағынасы терең, мазмұнды әрі мәнді болып табылады. Мақал-мәтелдер адамзат өмірінің өткеннен бүгінге дейінгі айтулы оқиғаларының ұмытылған немесе беймәлім тұстары

туралы маңызды ақпарат береді. Ата-бабамыздан мирас болып қалған мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Мақал-мәтелдер миф іспетті ғаламның жаратылуынан бастап, алғашқы адамның өмірге деген көзқарасына негіз болатын дана сөздер жиынтығы. Біз байқамай-ақ өмірде жартылай жабық элементтер ретінде өмір сүруді жалғастыратын мифтер мәдени көріністері бар әртүрлі салаларда кездеседі, бірақ мақал-мәтелдердің фонында да кездеседі. Бұл зерттеуде Түркияда түрік тіліне аударылған түрік әлемінің мақал-мәтелдері ойдың стереотиптік құрылымын, әлеуметтік, мәдени және экономикалық салаларда бар сана ағымын ашу мақсатында мифологиялық тұрғыдан зерттелді.

Түріктер ақ түс үшін ақ сөзін қолданады. Түрік тіліне ақ түсі Исламмен бірге енді. Махмұт Қашқаридің айтуынша, Оғыздар тек ақ түстің бәрін ақ деп атаған. Басқа түрік тайпалары ақ түстен басқа түрлі түстерді ақ деп атаған. Түрлі-түсті жылқылардың ақ жылқылар деп аталуы осы жағдайға мысал бола алады [4].

Ақ түс түріктер үшін тазалықты, ұлылықты, тәжірибені, киелілікті, әділдікті, билікті білдіреді. Ақ жақсылықты, әділдікті, аспанды, ғажап ойларды бейнелейді. Ақ түс жалауларда, кәрілікте, басқаруда, құрбандық шалуда ұлылық, мереке және даңқ мағынасында қолданылады. Түріктер қарттардың даналығын білдіру үшін ақ түсін жиі қолданған. Бұл түсініктің алғашқы мысалдары мифтер мен аңыздарда алғашқы жаратылған адамдар ақ эпитетін алып жүргенде көрінеді. Жаратылыс мәтініндегі ақ-Ана, Якут Аңызындағы Үрүгг Дешит, Ер Согото Дастанындағы Ақ Бала-алғашқы жаратылған тіршілік иелерінің бірі. Алтайдың жаратылысы туралы мифте адамзаттың алғашқы арғы атасы Ақ Ата деген атпен белгілі. Ол Түркістанда Ұлы Баба ретінде танымал. Түріктер Өздерінің тұрған жерлеріне келгендерін, Ұлы Атадан бері бір-бірімен туыстық қатынастарын есептейді. Тағы да сол түсінікпен "ақ сақал" сөзі түрік әлеміндегі сыйластық пен ұлылықтың символы болып табылады. Атауды орналастыруды әдетте ақ сақалды және ақ атты адам жасайды. Ақ жаулықты аналар да бар, олар өздерінің дана және бағыттаушы қасиеттерімен, сондай-ақ ақ сақалды ата-бабаларымен көзге түседі. Бүгінде ақ жүзді, ақ маңдайлы деген ұғымдар ақ түсінің қасиеттілігін айшықтайды.

Бұл сөз тіркестерінің қолданылатын орындарының бірі-мақал-мәтелдер. Ақ сөзі зұлымдыққа қатысы жоқ және ешкімге зиян келтірмеген адамдарға қолданылады. Ақ түсі шыншылдық, адалдық мағыналарын қамтыды. Тағы да, әрбір сүт құндылығы мен қасиеттілігіне байланысты ақ болса да, ана сүтін әсіресе ақ сүт деп атайды. Аспан ақ түспен бейнеленген. Бақсы қалпақтарының ұшы ақ қозы терісінен тігілген. Үлгеннің есімін Ақ Аяс, Яғни Жарқын Хакан деп те атайды. Тумен бірге айтылған ақ түс емес, ұлылық пен даңқты білдіреді. "Ақ әлемлу" өрнегі "Деде Қорқұт" хикаяларында кездеседі. Бұл жерде тудың түсі емес, тудың берілген мәнінің көрінісі деген сөз.

Түріктер құрбандық шалған күндері ақ киім киетін. Ақ түс әскерде дәреже мен билікті білдіру үшін қолданылады. Соғыс кезінде мемлекет ақсақалдары мен қолбасшылары ақ киім киген. Шыңғыс Ханның киімі, жылқысы, туы, тәжі ақ түсті болған.

Түріктердің қол астында ақ хан мен қара хандар болды. Ақ хан халықтың өтініші бойынша мемлекет басшысы болған билеушілер үшін пайдаланылды. Қара хан, керісінше, бұл ереже заңды мойындамай-ақ мемлекетті өз қолына алған хандар болды.

Біріншіден, Шежіреде айтылған-И Тераккима, содан кейін тілден тілге "Әр үйде Қарахан жасалды" деген мақал сияқты тараған. Халық әдетте қара эпитетімен сипатталады. Мұның алғашқы мысалы көне түркі жазбаларынан байқалады. Халық үшін қара бодун

және қара камаг бодун тіркестері қолданылады. Ақ сүй, қара сүй сияқты есімдер де бар; ақ сүйек, қара сүйек; халық пен билеушіні ажырату үшін гөк бодун, қара бодун деп атаған. Әулеттің ұрпақтары ақ және ала түстерін киеді. Ақ шатырды Басқаратын Түріктердің бір бөлігі тұратын қара шатыр да халық тұратын жер.

Қорқыттың хикаяларында «Дирсе Ханның Ұлы Өгіз Хан» әңгімесінде шатырдың түстері қандай жағдайда нені білдіретінін көреміз. Бірақ бұл артықшылықта қыздар мен ұлдардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ.

Дәстүрден көрініп тұрғандай, ақ шатыр әулеттік текті немесе балалары барларды бейнелеу этикасы үшін оң мағынаға ие, бұл қоғам қалаған сипаттамалардың бірі болып табылады. Қазақ Түріктеріне тиесілі мақалда ақ отау өзінің даңқымен көрінеді [5,170].

Көк түстің қазақ халқы үшін де, түрік халқы үшін де алар орны тіпті бөлек. Себебі, көк бөрінің ұрпағы болып есептелетін көк түркілер көк сөзін зеңгірмен, шөппен, өсімдікпен байланыстырған. Мәселен, қазақ елінде көк сөзінен тұратын бірқатар мақал-мәтелдер бар.

Мысалы, «Көктен жауын жауады, Шөптен жұпар тамады», «Көктен жауын жауады, Шөптен жұпар тамады», «Көкті тіреуге болмайды, Көпті мінеуге болмайды», «Адам мен адамның арасы Жер мен көктей».

Өткеннен бүгінге дейін қалыптасқан, ұзақ тәжірибені пайдалана отырып, қысқа да нұсқа кеңестер беретін, қоғам қабылдап, ортақ пайдаланатын стереотиптік сөздерді мақал-мәтелдер деп атайды. Оны түрік тілінде "sav "және" irsal-i mesel» яғни, астарлы әңгіме деп те атайды.

Сонымен қатар, түркі тілдес халықтардың арасында алтын түстің өзіндік мәні бар. Мысалы, түрік тілінде «Altın kılıç demir kariyi açar» деген мақал «Алтын қылыш темір есікті ашар» деген мағынаға саяды. «Алтын тапсаң, санап ал», «Қолда барда алтынның қадірі жоқ», «Алтынды ала білген бөле де біледі», «Ақыл айнымас, алтын шірімес», Алтын ерің атқа тисе, Алтынын ал да отқа жақ», «Алтын балтаның да сабы ағаш», «Алтынды еріткенмен, Жез болмайды, Жібекті жуғанмен, Бөз болмайды» [6].

Біз түрлі-түсті әлемде өмір сүріп жатырмыз. Бұл түрлі-түсті әлемді сипаттайтын түрлі түсті сөздер бар. Соңғы жылдары метафора тақырыбына да, түс терминдеріне де көп көңіл бөлініп, көптеген зерттеушілер кеңінен зерттеді. Сондықтан метафораның адамның танымында және қоғамдық іс-әрекетінде маңызды рөл атқаратынын көбірек адамдар түсіне бастады. Метафораны зерттеудің ұзақ тарихы бар. Аристотельден бастап метафора сөздердің немесе сөз тіркестерінің шартты мағынасына қарамастан ауытқып қолданылуы ретінде қарастырылды. Метафораларды зерттеудің бетбұрыс кезеңі "Біз Өмір сүріп жатқан Метафоралар" кітабының жарық көруі болды. Содан бері Лакофтың метафораға деген танымдық көзқарасы метафораны зерттеудегі серпіліс ретінде қарастырылды, өйткені ол метафораны ойлау тәсілі ретінде қарастырды. Когнитивті лингвистика ғалымдары метафора негізінен тәжірибенің бір саласын екінші доменмен салыстырудың тұжырымдамалық процесі деп тұжырымдайды.

Түс бояуларын рухани мәдениетке араластыру – ойдың негізгі элементтерін күрделі идеяларға біріктіретін негізгі психикалық операция тәрізді. Концептуалды араластыру теориясы мағынаны құрудың жалпы моделі ретінде белгілі бір қажеттіліктерге жауап беру үшін энциклопедиялық біліммен жұмыс жасайтын процестердің шағын жиынтығын қамтиды. Fauconnier & Turner (1998; 2002) және Coulson (2000) журналдарында егжей-тегжейлі талқыланған араластыру екі немесе одан да көп психикалық кеңістіктердің

таңдалған элементтері үшінші кеңістікке, қоспаның құрамына кіретін процесті білдіреді [7].

Концептуалды араластыру теориясы метафораларды мәдениетаралық өңдеуге кедергі келтіруі мүмкін түс мағынасындағы осындай мәдени сәйкессіздіктерді есепке алудың кешенді негізін ұсынады. Дәстүр бойынша, түрлі-түсті метафораларды түсіну қоспаны алу үшін бастапқы кірістен (түс) және мақсатты кірістен (эмоциядан) таңдамалы салыстыруды қамтиды. Аударма түрғысынан алғанда, бастапқы мәдениеттегі символдық жүйені де, мақсатты мәдениеттегі мәдени сүзгіні де есепке алу үшін тұжырымдамалық шеңберге екі қосымша кірісті қосу керек. Мәдени сүзгі аудармашыға сәйкес коннотацияны таңдауға көмектесетін интерпретациялық жақтау құрылғысы ретінде жұмыс істейді.

Бұл "бастапқы және мақсатты лингвистикалық-мәдени қауымдастықтар арасындағы нормалардағы және дискурстық конвенциялардағы когнитивтік және әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарды түсіру құралы. Келесі қадам-араластыру қадамы, онда әртүрлі кірістер қоспаны береді, бұл белгілі бір эмоцияны нақты түспен теңестіреді.

Әр түрлі тіл мен мәдениеттегі түстер концепциясы әртүрлі коннотативті интерпретацияларды жеткізе алады. Бұл әсіресе метафоралар, идиомалар және мақал-мәтелдер сияқты мәдени қалыптасқан көркем сөздер жиынтығын аударуға қатысты, мұнда сөзбе-сөз аударма нақты мақсатты мәтінді сирек береді.

Қорытынды

Түс символизмінің мәдениетаралық талдауы түс метафораларының нақты мағынасын кросслингвистикалық түрде жеткізу үшін өте маңызды. Шынында да, бір түс әр мәдениетте басым болатын сенімдерге, нормаларға және шектеулерге байланысты әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі мағыналарды білдіреді. Түрік және қазақ тілдеріндегі түс мағыналарын салыстырмалы талдау осы екі тілдің коннотациялық айырмашылықтарын анықтап, осылайша қара аудармадағы мәдени контекстуализацияның рөлін айшықтайды. Яғни, түс пен оның бейнеленуі арасында тікелей сәйкестіктің бар екенін көре аламыз. Көптеген елдерде қара – қараңғылықтың нышаны тақылетті. Көптеген мәдениеттер бұл қараңғылықты мұң мен қайғыға тікелей теңестіреді [8].

Мысалы, Батыс және Шығыс мәдениеттерінде қара түс аза тұту мен өлімнің түсі болып табылады. Сонымен қатар, киелі кітаптағы қара түс зұлымдықты, азапты және бақытсыздықты білдіреді. Элизабет дәуірінде қара түс лас, сұмдық және зұлым қасиеттермен байланысты болды. Қара түстің осы коннотациясын ескере отырып, келесі ағылшын және түрік мақал-мәтелдерінде: 1) Tencere Dibin kara Seninki Benden Kara (түрік мақалы) 2) шәйнекті қара деп атайтын қазан аталғандай қара емес (ағылшын мақалы), бұл адамдар басқа біреуді өз кінәсі үшін сынамауы керек дегенді білдіреді.

Қазақ және түрік тілдерінде қара түс кінәні, зұлымдықты немесе мақтауға жатпайтын нәрсені білдіру үшін қолданылған. Сондықтан қазақ және түрік тілдері бірдей коннотацияны жеткізу үшін қара түсті пайдаланады. Егер қара қараңғы болса, ақ ашық, жарық деген мағынаға ие болып табылады. Ақ түс аза тұту мен өлімді бейнелейтін Шығыс Азиядан басқа, ақтық әлемнің көптеген аймақтарында жақсылыққа тең.

Қызыл түстің негізгі символикасы табиғат болып табылады, өйткені көктем келгенде қызыл түсті қолдану мақал-мәтелде де, поэзия, прозада да қарқын алған Бұл

табиғи элементтердің тазалығы тілде идиомалық түрде кеңейтілген. Яғни, ақ ту-бітімгершіліктің немесе атысты тоқтатудың халықаралық деңгейде танылған қорғаныс белгісі; ақ жүректі адам-кешірімді және ізгі адам; ақ жазба-таза және мінсіз; ақ қол-жомарт және мейірімді қол; ал ақ өтірік-жазықсыз және зиянсыз өтірік. Ақтықтың бұл жағымды коннотациясы түрік мәдениетінде де басым болып көрінеді. Бүкіл Шығыс әлемінде, әсіресе түрік тілінде, ақ түс тазалықты, ізгілік пен шындықты білдіреді. Ақ көгершін бейбітшілікті бейнелейді; қалыңдықтың көйлегі әдетте ақ түсті, тазалық пен пәктіктің символы. Бұл символизмнің идиомалық абстракциясы даналыққа сілтеме жасайтын "ақ шаш" сияқты тіркестерде кездеседі. Түрік мақал-мәтелдерінде бақыт немесе жақсы нәрселер ақ түсті (Ақ/Без) қолдану арқылы бейнеленеді, ал ағылшын мақал-мәтелдерінде ол бірдей, бірақ кейбір ағылшын мақал-мәтелдері жағымды мағынаны жеткізу үшін күміс түсті пайдаланады.

Мысалы: 1) Ақ ақче карагүн достудур (түрік мақалы). 2) Ақ коюнун кара кузусуда олур (түрік мақалы). Түрік мақаланың аудармасы: «Әрбір бұлттың күміс астары бар», «Қара тауықта ақ түсті жұмыртқа болады» [9].

Сондықтан қазақ және түрік тілдері бірдей коннотацияны жеткізу үшін ақ түсті пайдаланады. Қызыл түс стандартталған символизмді бейнелейді, бірақ олардың кейбіреулері құндылықты білдіруі мүмкін. Мысалы, қызыл түс құмарлық романтикадан қанды соғысқа дейін қарама-қайшы болып көрінетін мағыналардың кең ауқымын білдіреді. Сонымен қатар, бұл махаббат пен құштарлықты, күш пен беделді бейнелейді, ал жыпылықтаған қызыл шамдар тәуекелді немесе қауіпті білдіреді. Келесі түрік мақалының мағынасы осыған саяды: Al elmaıa tař atan řok olur (түрік мақалы) [10]. Яғни, көптеген жетістікке жеткен адамның қызыл қызғанышқа душар болған дұшпаны көп болады.

Түркі тілдес халық үшін маңызы зор тағы бір түс ол – Көк. Барлық басқа негізгі түстер сияқты, көк түс табиғат элементтерімен тығыз байланысты. Негізінен аспанмен табиғи байланысының арқасында көк түс көкке сенім мен асқақтықты бейнелейді. Көк түс ғылыми тұрғыда спектрдің қоңыр салқын түріне жатады, сондықтан ол шындықпен символдық түрде байланысты болды, бұл тыныштықтың, сабырдың, ізгіліктің түсі.

Қазақ және түрік тілінде көптеген ұқсастықтар бар. Ал түс спектріне келетін болсақ, біршама ұқсастықтар мен айырмашылықтар да бар. Мақал-мәтелдер – әр халықтың ғасырлар бойы бабалардың ізгілікті жолымен жиналған ұлы мұрасы. Сандаған зобалаң замандардан сүрінбей өткен ата-бабамыз өмірлік сабақ алып, оны болашақ ұрпаққа жеткізу үшін, өскелең ұрпақтың сол бір қысталаңға душар болмауы үшін, аманаттап мақал-мәтелдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Өткен ғасырлардан бабаларымыздан келген әрбір мақалдың тарихы мен ішкі мазмұнын зерттеу – басты мәселелердің қатарында.

Авторлардың қосқан үлесі:

Токсеитова А.Е. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

Садықова Р.К. – ұсыныстар және редакциялау жұмысы;

Кубдашева Қ.Б. – талдау және статистикалық деректермен жұмыс, техникалық рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Ergeshbaevna, D.S. (2023) The Significance Of Proverbs In “Devonu Lug’otit Turk”, Confrencea, 7, 1, pp. 19-21.
2. Ufuk, Ş.P. (2016) ‘Turks and the concept of death: an analytical survey among turkish proverbs’, Revista de Etnografie şi Folclor. Journal of Ethnography and Folklore, 4.
3. Okhunjonovna, B.D. (2024) ‘Comparative Analysis of Proverbs in “Devonu Lug’otit Turk” and Currently Available’, European Journal of Higher Education and Academic Advancement, 1, 2, pp. 194-198.
4. Елубай, А.М., Бирай, Н. (2023) ‘The image of a woman in the Turkic world and its expression in proverbs’, Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Филологические науки», Т. 70, 3, стр. 7.
5. Mandić, M. (2021) ‘The Serbian proverb Poturica gori od Turčina (A Turk-convert is worse than a Turk)’, Imagining Bosnian Muslims in Central Europe: Representations, Transfers and Exchanges, Т. 32, р. 170.
6. Honeck, R.P. (2013) A Proverb in Mind: The Cognitive Science of Proverbial Wit and Wisdom. Psychology Press, 2013 p.
7. Тлегенова, Г., Шукенай, Г., Демирай, Е., Ертаева, П. (2023) «Познавательная характеристика «синего» цвета в казахо-турецком языках», Вестник КазНУ. Серия филологическая, 192, 4, стр. 192.
8. Рысберген, К., Уәли, Н. (2023) «Халықтық топонимдердегі ақ және қара түстердің мәдени тілдік семантикасы», Вестник Евразийского гуманитарного института, 1, стр. 128-142.
9. Шойлыбеков, П., Утебаева, Е. (2022) «Қазақтың дәстүрлі сырмақ өнері», Вестник КазНУ. Серия историческая, 106, 3, стр. 208-217.
10. Күркебаев, К.Қ., Ордабекова, Х.А. (2023) «Дәстүрлі қазақ ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесі», Eurasian Journal of Philology: Science & Education, Т. 187, 3, стр. 187.

А.Е. Токсеитова*¹, Р.К. Садыкова², Қ.Б. Кубдашева³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²АЛТ Университет имени М. Тынышпаева, Алматы, Казахстан

³Алматинский университет энергетики и связи имени Г. Даукеева, Алматы, Казахстан

(E-mail: ¹aydana.ergalikizi@gmail.com, ²roza.sadikova@mail.ru, ³karget2017@yandex.ru)

Лингвокультурные особенности названий видов и цветовой символики в турецких и казахских пословицах и поговорках

Аннотация. В статье подробно исследуются лингвокультурные и этнолингвистические особенности названий видов в казахских и турецких пословицах и поговорках. Будут проанализированы свежие мысли и мнения известных турецких ученых Ибрагима Шинаси, Омера Асым Аксоя, Омера Фарука Акуна и выдающихся казахских ученых Музафара Алимбаева, Абдуали Кайдара, Алькея Маргулана о пословицах и поговорках. Анализируются различия и особенности пословицы и поговорки, определяется культурное значение видов и цветов. Исследуется роль и значение цвета в казахской и турецкой культуре, в народном мировоззрении в обществе. Основная цель статьи-изучить, насколько важен цвет и оттенок в культуре казахского и турецкого народов, проанализировав особенности передачи названий видов и цветов в турецких и казахских пословицах и поговорках. На основе пословиц и поговорок

на казахском и турецком языках анализируются лексемы, содержащие названия видов и цветов, оценивается их место в культуре. Рассматривая эти лексемы с точки зрения ценности эмоций, была предпринята попытка определить выражение красок в мире мысли казахского и турецкого народов. Кроме того, изучаются взаимосвязь и семантическое поле названий цветов. Этим сравнительно анализируются взгляды казахского и турецкого народов на понятие цвета. Основные теоретические методы сравнения, дифференциации, обобщения, систематизации.

Ключевые слова: пословицы, названия видов и цветов, символика, лингвокультура.

A.E. Tokseitova^{*1}, R.K. Sadykova², K.B. Kubdasheva³

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*M. Tynyshpaev ALT University, Almaty, Kazakhstan*

³*G. Daukeev Almaty University of Power Energy and Communications, Almaty, Kazakhstan*

(E-mail: ¹aydana.ergalikizi@gmail.com, ²roza.sadikova@mail.ru, ³karget2017@yandex.ru)

Linguistic and cultural features of species names and color symbols in turkish and kazakh proverbs and sayings

Abstract. The article examines in detail the linguocultural and ethnolinguistic features of color names in Kazakh and Turkish proverbs and sayings. The new ideas and opinions of famous Turkish scientists Ibrahim Shinasi, Omer Asym Aksoy, Omer Faruk akun and prominent Kazakh scientists Muzafar Alimbayev, Abduali Kaidar, Alkei Margulan will be analyzed. The differences and features of Proverbs and sayings are analyzed, and the cultural meaning of species and colors is revealed. The role and significance of colors in society in Kazakh and Turkish culture, folk Worldview are studied. The main purpose of the article is to study how color and shade are important in the culture of the Kazakh and Turkish peoples, analyzing the features of the transmission of color names in Turkish and Kazakh Proverbs. Based on Proverbs and sayings in the Kazakh and Turkish languages, lexemes containing color names are analyzed and their place in culture is assessed. Considering these lexemes from the point of view of the value of emotions, an attempt was made to determine the manifestation of colors in the world of thought of the Kazakh and Turkish peoples. In addition, the relationship and semantic field of color names are studied. Thus, the views of the Kazakh and Turkish peoples regarding the concept of color are analyzed in comparison. The main theoretical methods of comparison, differentiation, accumulation, systematization.

Keywords: proverbs, names of species and flowers, symbols, linguistic culture.

References

1. Ergeshbaevna, D.S. (2023) The Significance Of Proverbs In “Devonu Lug’otit Turk”, Confrencea, 7, 1, pp. 19-21.
2. Ufuk, Ş.P. (2016) ‘Turks and the concept of death: an analytical survey among turkish proverbs’, Revista de Etnografie şi Folclor. Journal of Ethnography and Folklore, 4.
3. Okhunjonovna, B.D. (2024) ‘Comparative Analysis of Proverbs in “Devonu Lug’otit Turk” and Currently Available’, European Journal of Higher Education and Academic Advancement, 1, 2, pp. 194-198.
4. Elubaj, A.M., Biraj, N. (2023) ‘The image of a woman in the Turkic world and its expression in proverbs’, Izvestiya KazUMoiMJa imeni Abylay hana. Serija «Filologicheskie nauki», T. 70, 3, str. 7.

5. Mandić, M. (2021) 'The Serbian proverb Poturica gori od Turčina (A Turk-convert is worse than a Turk)', *Imagining Bosnian Muslims in Central Europe: Representations, Transfers and Exchanges*, T. 32, p. 170.
6. Honeck, R.P. (2013) *A Proverb in Mind: The Cognitive Science of Proverbial Wit and Wisdom*. Psychology Press, 2013 p.
7. Tlegenova, G., Shukenai, G., Demirai, E., Yertyaeva, P. (2023) «Poznavatel'naya harakteristika «sinego» cveta v kazaho-tureckom jazykah», *Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja*, 192, 4, str. 192. [in Russian]
8. Rysbergen, K., Uali, N. (2023) «Halyktyk toponimderdegi ak zhane kara tysterdin madeni tildik semantikasyn», *Vestnik Evrazijskogo gumanitarnogo instituta*, 1, str. 128-142. [in Kazakh]
9. Shoibekov, P., Utebayeva, E. (2022) «Kazaktyn dastyrlı syrmaк oneri», *Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya*, 106, 3, str. 208-217. [in Kazakh]
10. Kyrkebaev, K.K., Ordabekova, H.A. (2023) «Dastyrlı kazak an matinderinin lingvomadeni bejnesi», *Eurasian Journal of Philology: Science & Education*, T. 187, 3, str. 187. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Токсеитова А.Е. – хат-хабарға жауапты автор, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Садыкова Р.К. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М. Тынышпаев атындағы АЛТ университеті, Алматы, Қазақстан.

Қубдашева Қ.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан.

Токсеитова А.Е. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Садыкова Р.К. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, АЛТ Университет имени М. Тынышпаева, Алматы, Казахстан.

Қубдашева К.Б. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Алматинский университет энергетики и связи имени Г. Даукеева, Алматы, Казахстан.

Toxeitova A.E. – corresponding author, PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Sadykova R.K. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, M. Tynyshpaev ALT University, Almaty, Kazakhstan.

Kubdasheva K.B. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, G. Daukeev Almaty University of Power Energy and Communications, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).